

Г.А. Хасенова* , С.Н. Негимов 

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: khasenova_gulmira@mail.ru)*

У. Шекспирдің 130-сонетінің қазақ тіліндегі аудармасының ерекшеліктері

Аңдатпа. Ағылшын жазушысы, актер Уильям Шекспир әлемге өзінің пьесаларымен қатар сонеттерімен де аса әйгілі. Ақын қаламынан саны 154-ке жететін әсерлі де тартымды сонеттер шыққан еді. Автор өзінің бұл жұмысында түрлі тақырыптарды қамтып, әр алуан бейнелерді һәм бейнелеу құралдарын шебер қолданған. Оның, әсіресе, 18 және 130-сонеттері өте танымал. Осы тұрғыдан, ұсынылған мақалада 130-сонет қарастырылып, оның орыс және қазақ тілдеріндегі аударма нұсқалары талданады. Бұл зерттеудің мақсаты – У. Шекспирдің 130-сонетінің қазақ тіліндегі тәржімесінің ерекшеліктерін анықтау және зерделеу. Мақала, түпнұсқа мен аударма нұсқалары арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды, сондай-ақ әр аудармашының тәржіме жұмысында қолданған әдіс-тәсілдерін анықтауға бағытталған. Бұл ғылыми жұмыстың идеясы – сонеттің үш нұсқасын салыстыру, Самуил Маршак және Хамит Ерғалиев нұсқаларында кездесетін өзгешіліктерді дәйектеу. Берілген мақаланың ғылыми маңыздылығы Х. Ерғалиев аудармасындағы сонеттердің жеткіліксіз зерделенуінде. Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған деректердің студенттер, магистранттар және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына пайдалы болуымен айқындалады. Ғылыми жұмыс барысында У. Шекспир сонеттері, көркем аударма, сонет аудармасына байланысты ғылыми тұжырымдар ескеріліп, салыстыру, сипаттамалы, аналитикалық әдістер кеңінен қолданылды. Аталған әдістер сонеттің түпнұсқасы мен оның С. Маршак аударған орыс тіліндегі және Х. Ерғалиев тәржімелеген қазақ тіліндегі нұсқаларының арасында әртүрлі айырмашылықтардың бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: Хамит Ерғалиев, Самуил Маршак, аударма әдістері, көркем аударма, сөзбе-сөз тәржіме, жанама аударма, сонеттердің қараторы ханымы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-211-220>

Түсті: 14.01.2024; Жөнделді: 23.01.2024; Мақұлданды: 13.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Уильям Шекспир – сонет жанрының асқан шебері әрі драматург. Оның 154 сонеттен тұратын жинағы алғаш рет 1609 жылы жарыққа шыққан. Ақынның бұл шығармасы алуан түрлі тақырыптарды қамтиды, оның ішінде *махаббат, сұлулық, уақыт, өлім, және адам сезімдерінің қисапсыз күрделі құбылыстары*. Сонет құрылымына келетін болсақ, әр сонет 14 жолдан құрылған: төрт жолды үш шумақ және қорытынды қос тармақ. Ұйқас сұлбасы АВАВ CDCD EFEF GG формасында жасалған. У. Шекспир сонеттерінің ерекшелігі – бейнелер

молшылығы. Ақын алуан сырлы метафораларды, теңеулерді, бай сипаттамаларды эмоция мен ойды беруде шебер қолданған.

Көркем сөз зергерінің 154 сонеті тақырыптық белгілері бойынша үлкен екі топқа бөлінеді: алғашқы 126 сонет досына, ал 127-154 сонеттері қараторы ханымға арналған [1, 585]. Бұл екі тұлғаға да У. Шекспир не поэтикалық, не ешбір басқа есім бермеген еді. Сонеттерден оқырман тек ханымның қараторы, қара шашты, махаббатта адалдығымен ерекшеленбейтінін ғана біле алады. Сол үшін де ол “Сонеттердің қараторы ханымы” (the Dark Lady of the Sonnets) лақап атына ие болды [1, 581].

Ақын сонеттерінің ішінде ең танымалы – 18 және 130-сонеттер. Бұл екі сонет құрылымдары, көркемдік мазмұндары – бір-бірінің толық қарама-қайшылығы. 18-сонет дәріптеушілік түрінде жазылса, 130-сонет дәстүрлі үміттерді жоққа шығарып, махаббат лирикасының шарттылықтарына қарсы құрылған. Бұл сонеттердің екеуі де У. Шекспирдің тіл шеберлігін, оның махаббаттың әртүрлі қырларын зерттей білу қабілетін және ақындық шарттылыққа жаңашыл көзқарасын көрсетеді. Осы тұрғыдан У. Шекспирдің 130-сонетінің қазақ тіліндегі тәржімесіне талдау жасауды мақсат еттік. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу алдыға қойылды: 130-сонеттің түпнұсқасы мен аударма нұсқаларын (орыс тілінде жазылған Самуил Маршак аудармасы мен қазақ тіліндегі Хамит Ерғалиев тәржімесін) жан-жақты талдау, ерекшеліктерін анықтау және аударма жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдерді зерделеу.

Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында У. Шекспир сонеттері, көркем аударма, сонет аудармасына байланысты ғылыми тұжырымдар ескерілді. Зерттеу кезінде салыстыру, сипаттамалы, аналитикалық әдістер басшылыққа алынды.

Талқылау мен нәтижелер

Уильям Шекспирдің 130-сонеті аудармашылар арасында үнемі үлкен қызығушылық тудырады. Оның қара сөзбен және поэзиялық аудармаларының елуге жуық нұсқасы белгілі [2, 25]. Бұл сонет махаббат поэзиясына дәстүрлі емес тәсілімен ерекшеленеді, әдеттегі петраркалық (сүйікті адамның сұлулығын асыра мақтау) дәстүрлерді бұзады. У. Шекспир берілген сонетінде ханымды қарапайым тілмен шынайы, тіпті кейде әзіл-оспақ сипаттамаларды қолдана суреттеп, оның бірегейлігін, даралығын дәріптейді.

У. Шекспир сонеттері 1833 жылдан бастап орыс тіліне аударыла бастаған. Сол уақыттан бүгінгі таңға дейін тәржімешілер арасында түрлі маман иелері болды, олар ақын В.С. Межевич, граф И. Мамун, әдебиеттанушы Н.В. Гербель, ақын В.Г. Бенедиктов, опера либреттошысы М. Чайковский, жазушы Б. Пастернак, сценарийші С. Маршак, тілші А. Финкель, авиаинженер А.И. Кузнецов, ақын-аудармашы А. Шаршакнэ, әдебиет сыншысы И.О. Шайтанов және т.б. [3].

Бұл нұсқалардың ішінде ең танымалы, әрі сәтті шыққаны – С. Маршактікі. С. Маршак аудармаларындағы Шекспир сонеттері тілден тілге ғана емес, стильден стильге де тәржіме болып табылады. Бұл туралы оқырмандарға да ескертілу керек [4].

Хамит Ерғалиевтің де С. Маршак аудармаларын негізге алуы тектен-текке емес. Өйткені, С. Маршак өзінің аударма шығармаларында бар түпнұсқалықты: айқын ұйқастарды, қызықты желіні, жарқын бейнелерді сақтады. М. Морозов С. Маршактың аудармаларындағы Шекспир сонеттері туралы былай жазады: “...Өзге тілдің киімін киген Шекспир сонеттері өз үнін, өз әуенін сақтаған” [5].

Сөйтіп, өз өмірінің алты жылын У. Шекспир сонеттерінің аудармасына арнаған Х. Ерғалиев толық аяқталған бұл аударма жұмысын 1978 жылы жариялайды. Осылай ақын ұлттық әдебиетімізге өзінің қолтаңбасымен келіп, поэзия жанрындағы лириканың ең бір керемет, сұлу да сазды түрі сонет жанрының қалыптасуында үлкен еңбек етті. Ағылшынның ұлы перзенті У.Шекспирдің сонеттерін тұңғыш рет қазақша сөйлетіп, өзі де 200-ден астам сонет жазды [6, 20].

Бұл аударма жұмысы тікелей ағылшын тілінен емес, дәнекер тіл – орыс тілі арқылы жүргізілгендіктен, әрине, Х. Ерғалиевтің нұсқасы біршама ерекшеліктерге ие, тіпті ақынның аудармасы кей тұстарда негізге алынған С. Маршактың тәржімесінен де дараланады. Мысалы, сонеттің ең алғашқы жолына үңілсек, бірнеше айырмашылықтарды аңғара аламыз:

“My mistress’ eyes are nothing like the sun” [7] (Менің ханымның көздері күнге ұқсамайды) деп Уильям Шекспир жазса, С. Маршак оны:

“Ее глаза на звезды не похожи” [1, 492] (Оның көздері жұлдыздарға ұқсамайды) деп тәржімеледі. Ал, Хамит Ерғалиев С. Маршактың нұсқасын көркемдеп:

“Бибі көзі жұлдызыңнан көмескі” [8, 671] деп қазақшалаған еді. Бұл жерде бірнеше ерекшеліктер байқалады.

Біріншіден, Уильям Шекспир бұл сонетін “my” яғни “менің” деп бастайды, алайда тәржімешілердің нұсқаларында бұл есімдік қайталанбайды. Т.В. Ханжина болса өз зерттеуінде есімдік қолданысын: “Тәуелдік есімдіктер (“менің”) лирикалық қаһарманның сүйіктісіне деген жан ықыласын, ал “оның” есімдігі – даралықты көрсетеді” деп түсіндіреді [9, 184]. Екінші бір өзгешелік ағылшын ақыны “mistress” (ханым) сөзін қолданды, ал С. Маршак болса тек “ее” (оның) деп аударды. Х. Ерғалиевтің нұсқасына келер болсақ, қазақ ақыны “бибі” сөзін дәл тауып қолданғанын айта аламыз. Келесі бір көзге түсетін айырмашылық ол түпнұсқадағы “are nothing like the sun” (күнге ұқсамайды) фразасының аударма нұсқаларында *жұлдыз* деп ауыстырылып берілуі. Хамит Ерғалиев өз нұсқасында “жұлдызыңнан көмескі” деп көздер сипаттамасын одан әрі әсерлеуге тырысқандай көрінеді. Дегенмен, екі аудармашы да түпнұсқа бейнелеу құралын – теңеуді сақтағандары анық.

Екінші тармақта да ерекшеліктерді байқауға болады. Егер түпнұсқада:

“Coral is far more red, than her lips red” [7] (Маржан әлдеқайда қызыл, оның еріндерінің қызылдығына қарағанда) деп берілсе, С. Маршак нұсқасында:

“Нельзя уста кораллами назвать” [1, 492] (Еріндерін маржан дей алмайсың) деп жеткізілген еді. С. Маршак өз аудармасында *ерін* сипатын біршама жұмсартып бергендей, ал У. Шекспир кемсіте суреттегендей болады. Х. Ерғалиевтің аудармасына келсек, ақын:

“Ерінін де қан-қызыл деп мақтама” [8, 671] деп тәржімелейді. Х. Ерғалиев бұл тұста теңеуді (коралл/маржан) қолданбай, бірден оның (кораллдың) басты белгісін, яғни оның түсін негізге алады.

Келесі үшінші тармақта У. Шекспир былай жазады:

“If snow be white, why then her breasts are dun” [7] (Егер қар аппақ болса, неге оның кеудесі сұр қоңыр). С. Маршак өз аудармасында өзгертулер мен қысқартулар енгізіп, бұл сонет жолын келесідей тәржімелейді:

“Не белоснежна плеч открытых кожа” [1, 492] (Ашық иық терісі аппақ қардай емес). С. Маршак аудармасын негізге алған Х. Ерғалиевтің де нұсқасы осыған ұқсас болып шықты:

“Иығы да аппақ қардай емес-ті” [8, 671]. Яғни екі аудармашы да “breasts” (*кеуде*) сөзін қайталамай, оның орнына С. Маршак “плеч кожа” (*иық терісі*), ал Х. Ерғалиев “иық” сөзін қолданды. Сонымен қатар, У. Шекспир қолданған “dun” яғни *сұр қоңыр* түсі екі аударма нұсқаларында да кездеспейді.

Ханымның шашын суреттейтін төртінші тармақ:

“If hairs be wires, black wires grow on her head” [7] (Егер шаш сым болса, онда оның басында қара сымдар өседі) аударма нұсқаларында ықшамдалып берілді. Мысалы С. Маршак бұл жолды:

“И черной проволокой вьется прядь” [1, 492] (Қара сымдай бұрым шашы бұйрланады) деп тәржімеледі. Х. Ерғалиевтің вариантында:

“Бұрымдары өрген сымдай қап-қара” [8, 671] деп аударылды. Сонеттің бұл жолының орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқаларын алып салыстырсақ екеуінде де шашты *қара сымға* теңеу сақталған. Дегенмен, түпнұсқаға қарағанда аудармашылардың бұл теңеуді көркемдеп жеткізгендері байқалады. Егер У. Шекспир *қара сымдар өседі* деп жазса, С. Маршак *бұйрланады*, ал Х. Ерғалиев *өрген* деп бұл сонет жолын әсемдей тәржімелейді.

Келесі сонеттің бесінші және алтыншы жолдары ханымның бетін суреттейді:
“I have seen roses damasked, red and white,
But no such roses see I in her cheeks;” [8]
(Мен қызыл және ақ, дамаск раушандарын көрдім,
Бірақ мен оның бетінде мұндай раушандарды көріп тұрған емеспін;)
С. Маршактың нұсқасында бұл жолдар келесідей берілді:
“С дамасской розой, алой или белой,
Нельзя сравнить оттенок этих щек.” [1, 492]
(Дамаск раушанымен, қызыл немесе ақ,
Бұл беттің реңкін салыстыруға болмайды.)
Орыс тіліндегі аудармада “мен” есімдігі бұл жолдарда мүлдем қолданылмаған,
сәйкесінше лирикалық қаһарман да көрінбейді.
Х. Ерғалиев бұл сонет тармақтарын былай аударды:
“Дамасканың қызыл гүлі деп өңін
Өз қалпынан бола көрме бұлжытар.” [8, 671]
Ақынның нұсқасында біршама ерекшелік байқалады. Ол, *раушан* сөзін қайталамай,
бірден *қызыл гүл* деп тәржімелейді, осыдан *ақ* сөзі де аудармада түсіп қалғаны көрінеді.
Ал, сонеттің 6-жолы мүлдем өзгеше қазақшаланғанын көреміз.
Сонеттің 7-8 жолдарын У. Шекспир ханымның иісін сипаттауға арнайды:
“And in some perfumes is there more delight
Than in the breath that from my mistress reeks.” [7]
(Және кейбір хош иістерде рақат көбірек
Менің сүйіктімнен шығатын тыныс иісіне қарғанда)
С. Маршактың аудармасына келсек, бұл жерде аудармашы барынша көркемдеп
жеткізуге тырысқанын айқын аңғарамыз:
“А тело пахнет так, как пахнет тело,
Не как фиалки нежный лепесток.” [1, 492]
(Ал дене иісі, дененің иісі сияқты,
Шегіргүлдің нәзік жапырағы сияқты емес.)
С. Маршак өз нұсқасында сонет жолына түпнұсқада жоқ *шегіргүл жапырағына* теңеуді
қосты.
Х. Ерғалиевтің тәржімесі бұл тұста С. Маршактікіне жақын келеді:
“Дене – дене, өз иісі бар дененің,
Оған әсте ұқсамайды гүл-жұпар” [8, 671]
Аудармашы ақын тек *шегіргүл* деп емес, *гүл-жұпар* деп өз нұсқасында береді.
Келесі екі жол ханымның дауысына арналады:
“I love to hear her speak, yet well I know
That music hath a far more pleasing sound:” [7]
(Мен оның сөйлегенін тыңдағанды жақсы көремін, дегенмен мен жақсы білемін,
Музыканың үні әлдеқайда жағымды екенін)
Осылай түпнұсқада берілген сипаттама С. Маршактың аудармасында үлкен өзгеріске
ұшырайды:
“Ты не найдешь в ней совершенных линий,
Особенного света на челе.” [1, 492]
(Сен одан шүбәсіз сызықтарды таба алмайсың,
Әсіресе маңдайыңда сәулені.)
Көріп тұрғанымыздай аудармашы бұл жерде ханымның дауысы туралы мүлде сөз
қозғамайды. Х. Ерғалиевтің тәржімесінде де осылай:
“Таңғалардай ғаламат жоқ түрінде,
Тұрған жоқ ол еш сәулемен жалғасып;” [8, 671]
Үшінші катреннің соңғы екі жолы ханымның жүрісін суреттейді:
“I grant I never saw a goddess go,

My mistress, when she walks, treads on the ground:" [7]
(Мен мойындаймын, мен ешқашан әйел-құдайдың жүргенін көрген емеспін,
Менің сүйіктім, ол жүргенде, жерді басып жүреді)

Бұл сонет жолдарын С. Маршак дәл жеткізе алғандай:

"Не знаю я, как шествуют богини,
Но милая ступает по земле." [1, 492]

(Мен әйел-құдайлардың қалай жүретінін білмеймін,
Бірақ сүйіктім жерді басып жүреді.)

Х. Ерғалиевтің нұсқасы болса, шамалы өзгешеліктерге ие:

"Көргенім жоқ, көкте дейді пірің де,
Менің еркем жүр ғой мұнда жер басып." [8, 671]

У. Шекспирдің бұл сонетіндегі соңғы қос тармағына келетін болсақ, әдеттегідей ақын оны қорытынды түрінде береді:

"And yet by heaven, I think my love as rare,
As any she belied with false compare." [7]

(Дегенмен, аспанмен ант етемін, мен ойлаймын, менің махаббатым сондай ерекше,
Кез келген әйел сияқты, жалған салыстырумен жоққа шығарылған.)

Ағылшын ақыны сонеттің бірінші жолынан он екінші жолына дейін өз сүйіктісінің кемшіліктерін суреттегенімен осы соңғы екі тармақ оның ханымды сүйетіні анық көрінеді. "Шекспир бұл жерде сұлулықтың дәстүрлі және шындыққа сәйкес келмейтін сипаттамаларынсыз да, ханым оған ерекше екенін айтады. Бұл сонетті ерен және қызықты ететін нәрсе – Шекспир өзінің сүйіктісін барлық жағымсыз жағымпаздықпен сипаттағанымен, соңында ол ханымды жақсы көретінін мойындағаны және оны ешбір асыра сілтеусіз, жалған салыстырусыз ерекше деп санағаны" [10].

С. Маршак бұл сонет жолдарындағы негізгі ойды өз нұсқасында бере алды дей аламыз:

"И все ж она уступит тем едва ли,
Кого в сравненьях пышных оболгали." [1, 492]

(Әйтсе де ол басқаларына зорға жол берер,
Көпірме салыстыруда жала жабылғандарға)

Дегенмен, аудармашы аспанмен ант етемін, менің ойымша, менің махаббатым деген тіркестерді өз вариантында қолданбайды.

Х. Ерғалиев С. Маршак нұсқасын шебер тәржімелеп, өз нұсқасын келесі жолдармен аяқтайды:

"Сонда да ол ешбір артық белгісіз
Ағыл-тегіл теңеулерге бергісіз." [8, 671]

Сонеттің рифмалық сұлбасына тоқталатын болсақ, түпнұсқа АВАВ CDCD EFEF GG формасында құрылған. С. Маршак та, Х. Ерғалиев те өз аударма нұсқаларында бұл рифмалық сұлба формасын сақтаған.

Бұл жүргізілген талдауда кездесетін ерекшеліктер 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

130-сонеттің түпнұсқасы мен аударма нұсқаларындағы негізгі ерекшеліктер

Ерекшеліктер	Түпнұсқа	С. Маршак нұсқасы	Х. Ерғалиев нұсқасы
Есімдіктер қолданысы	<i>My mistress' eyes</i> (Менің ханымның көздері)	Ее глаза (Оның көздері)	Бибі көзі
	<i>I have seen roses damasked, red and white</i> [7] (Мен қызыл және ақ, дамаск раушандарын көрдім)	С дамасской розой, алой или белой [1, 492] (Дамаск раушанымен, қызыл немесе ақ)	Д а м а с к а н ы ң қызыл гүлі деп өңін [8, 671]
	<i>But no such roses see I in her cheeks;</i> [7] (Бірақ мен оның бетінде мұндай раушандарды көріп тұрған емеспін)	Нельзя сравнить оттенок <i>этих</i> щек [1, 492]. (Бұл беттің реңкін с а л ы с т ы р у ғ а болмайды)	Өз қалпынан бола көрме бұлжытар [8, 671].
	<i>Than in the breath that from my mistress reeks</i> [7]. (Менің сүйіктімнен шығатын тыныс иісіне қарғанда)	Не как фиалки нежный лепесток [1, 492]. (Шегіргүлдің нәзік жапырағы сияқты емес.)	Оған әсте ұқсамайды гүл-жұпар [8, 671].
	<i>I love to hear her speak, yet well I know</i> [7] (Мен оның сөйлегенін тыңдағанды жақсы көремін, дегенмен мен жақсы білемін)	–	–
	<i>I grant I never saw a goddess go</i> [7] (Мен мойындаймын, мен ешқашан әйел-құдайдың жүргенін көрген емеспін)	Не знаю я, как шествуют богини [1, 492] (Мен әйел-құдайлардың қалай жүретінін білмеймін)	Көргенім жоқ, көкте дейді пірің де [8, 671]
	<i>My mistress, when she walks, treads on the ground:</i> [7] (Менің сүйіктім, ол жүргенде, жерді басып жүреді)	Но милая ступает по земле [1, 492]. (Бірақ сүйіктім жерді басып жүреді.)	Менің еркем жүр ғой мұнда жер басып [8, 671].
	<i>And yet by heaven, I think my love as rare, As any she belied with false compare</i> [7]. (Дегенмен, аспанмен ант етемін, мен ойлаймын, менің махаббатым сондай ерекше, Кез келген әйел сияқты, жалған салыстырумен жоққа шығарылған.)	И все ж она уступит тем едва ли, Кого в сравненьях пышных оболгали [1, 492]. (Әйтсе де ол басқаларына зорға жол берер, Көпірме салыстыруда жала жабылғандарға)	Сонда да ол ешбір артық белгісіз А ғ ы л - т е г і л т е ң е у л е р г е бергісіз [8, 671].

Сөздердің алмастырылуы	sun (күн)	звезды (жұлдыздар)	жұлдыз
	breasts (кеуде)	плеч кожа (иық терісі)	иығы
	roses (раушандар)	роза (раушан)	гүл
Сипаттама объектісінің өзгеруі	I love to hear <i>her speak</i> , yet well I know That music hath a far more pleasing sound: [7] (Мен <i>оның сөйлегенін</i> тыңдағанды жақсы көремін, дегенмен мен жақсы білемін, Музыканың үні әлдеқайда жағымды екенін)	Ты не найдешь в ней совершенных <i>линий</i> , Особенного света на <i>челе</i> [1, 492]. (Сен одан шүбәсіз <i>сызықтарды</i> таба алмайсың, Әсіресе <i>маңдайында</i> сәулені.)	Таңғалай ғаламат жоқ <i>түрінде</i> , Тұрған жоқ ол еш сәулемен жалғасып [8, 671]
Бейнені жұмсарту, көркемдеу	Coral is far more red, than her lips red: [7] (Маржан әлдеқайда қызыл, оның еріндерінің қызылдығына қарағанда)	Нельзя уста кораллами назвать [1, 492] (Еріндерін маржан дей алмайсың)	Ерінін де қанқызыл деп мақтама [8, 671].
	her breasts are dun [7] (оның кеудесі сұр қоңыр)	Не белоснежна плеч открытых кожа [1, 492] (Ашық иық терісі аппақ қардай емес)	Иығы да аппақ қардай емес-ті [8, 671].
	black wires grow on her head [7] (оның басында қара сымдар өседі)	И черной проволокой вьется прядь [1, 492]. (Қара сымдай бұрым пашы бұйралаңады)	Бұрымдары өрген сымдай қап-қара [8, 671].
	And in some perfumes is there more delight Than in the breath that from my mistress reeks [7]. (Және кейбір хош иістерде рақат көбірек Менің сүйіктімнен шығатын тыныс иісіне қарғанда)	А тело пахнет так, как пахнет тело, Не как фиалки нежный лепесток [1, 492]. (Ал дене иісі, дененің иісі сияқты, Шегіргүлдің нәзік жапырағы сияқты емес.)	Дене – дене, өз иісі бар дененің, Оған әсте ұқсамайды гүл-жұпар [8, 671].
Сөздердің аудармада түсіп қалуы	If snow be white (Егер қар аппақ болса)	–	–
	dun (сұр қоңыр)	–	–
	If hairs be wires, (Егер шаш сым болса)	–	–
	I have seen (Мен көрдім)	–	–
	And yet by heaven, (Дегенмен, аспанмен ант етемін)	–	–

1-кестеге сәйкес У. Шекспир өзінің 130-сонетінде ең көп қолданған есімдігі – *I*, яғни *мен*. *Мен* есімдігін ақын 7 рет қайталайды, ал аударма нұсқада С. Маршак тек 1 рет қолданады. Бұдан басқа ерекшеліктер сөздердің алмастырылуында, сипаттама объектісінің өзгеруінде, бейнені жұмсарту мен көркемдеуде және сөздердің аудармада түсіп қалуында айқын көрінеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында тәржімешілердің сөзбе-сөз аудармаға емес, түпнұсқадағы *негізгі ой, стиль, әуен, бейнелеу құралдарын* жеткізуге тырысқандарын аңғарамыз. Н.В. Гогольдің айтқанындай: “Түпнұсқаға жақын болу үшін кейде оның сөздерінен әдейі алыстау керек”. Аудармашылар өздерінің мақсатына жету үшін, әрине, әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Олардың негізгі мақсаты да түпнұсқа авторының рухын, стилін, тілдік ерекшеліктерін сақтау. Дегенмен, мұның барлығын өз тілінде, әдебиетінде көркем үйлестіру де алға қойылады. Міне, осындай үндестік жаңа аударма нұсқасын тудырады. Бұл ретте В.А. Жуковскийдің “Ақынның аудармашысы, қайсыбір дәрежеде, төл жаратушының өзі” деуі өте-мөте қисынды.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Г.А. Хасенова – тұжырымдаманы құру, тілдік материалдар жинау және талдау. С.Н. Негимов – теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Шекспир У. Полн. собр. соч.: В 8 т. /Под общ. ред. А.А. Смирнова и А.А. Аникста. Т.8. – М.: Искусство, 1960. – 631 с.
2. Жариков И.А. Сравнительный анализ русских переводов 130-го сонета У. Шекспира, выполненных А. В. Флорей и Ю. И. Лифшицем // Европа и Азия: на пересечении культур: материалы международной онлайн-конференции, Орск, 31 марта 2022 года. – Орск: Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) федерального государственного бюджетного образовательного учреждения высшего образования “Оренбургский государственный университет”, 2022. – С. 25-29.
3. Коваленко Н.В. История переводов сонетов У. Шекспира на русский язык. [Электрон. ресурс]. -URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/215709/1/201-207.pdf> (Дата обращения 10.01.2024).
4. Гаспаров М.Л., Автономова Н.С. Сонеты Шекспира – переводы Маршака. О русской поэзии. – СПб.: Азбука, 2001. – С. 389-409.
5. Морозов М. Послесловие к книге «Сонеты Шекспира в переводах С.Маршака». – Москва, 1952. – 177 с.
6. Садықова А. Хамит Ерғалиев – заманының заңғар ақыны // Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ – № 3. – 2016. С.18-21.
7. Shakespeare W. Shakespeare’s Sonnets and Poems (B.A. Mowat & P. Werstine, Eds.). – New York: Simon & Schuster, 2006. – 704 p.
8. Шекспир У. Отелло. Асауға тұсау. Гамлет. Ромео мен Джульетта. Король Лир. Сонеттер (ауд. Әуезов М., Кекілбаев Ә., Ерғалиев Х.). – Астана: Аударма, 2004. – 688 б.
9. Ханжина Т.В. Об особенностях перевода 130 сонета У. Шекспира // Язык как основа современного межкультурного взаимодействия: материалы V международной научно-практической конференции. – Пенза: Пензенский государственный технологический университет, 2019. – С. 179-185.
10. Hasan M., Abdulkareem L. and Star L. William Shakespeare’s Sonnet 130: A Reconsideration // Acuity: Journal of English Language Pedagogy, Literature and Culture. 5, 2 (Oct. 2020). – pp. 148-169.

Г.А. Хасенова, С.Н. Негимов

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности перевода 130-го сонета У. Шекспира на казахский язык

Аннотация. Английский писатель, актер Уильям Шекспир наряду со своими пьесами известен миру также и своими сонетами. Из-под пера поэта вышло 154 захватывающих и привлекательных сонета, в которых автор затронул различные темы и мастерски использовал различные образы и изобразительные средства. Особой популярностью пользуются его сонеты 18 и 130. В связи с этим в представленной статье рассматривается сонет 130 и анализируются его переводные варианты на русский и казахский языки. Целью данного исследования является выявление и изучение особенностей казахского перевода 130 сонета У. Шекспира. Статья направлена на выявление различий и сходств между оригиналом и его переводными вариантами, а также методов, используемых каждым переводчиком. Идея данной научной работы состоит в том, чтобы сравнить три варианта сонета, выявить различия в вариантах переводов Самуила Маршак и Хамита Ергалиева. Научная значимость данной статьи заключается в недостаточном исследовании сонетов в переводе Х. Ергалиева. Практическая значимость исследования определяется полезностью представленных данных для научно-исследовательской работы студентов, магистров и докторантов. В ходе научной работы были приняты во внимание научные заключения о сонетах У. Шекспира, художественном переводе и переводе сонетов. Широко использовались методы сравнения, описательные и аналитические методы. Эти методы позволили сделать вывод об имеющихся различиях между оригинальным сонетом и его вариантами перевода.

Ключевые слова: Хамит Ергалиев, Самуил Маршак, методы перевода, художественный перевод, подстрочный перевод, косвенный перевод, Смуглая дама Сонетов.

G.A. Khassenova, S.N. Negimov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Features of the translation of W. Shakespeare's 130th sonnet into Kazakh language

Abstract. The English writer and actor William Shakespeare, along with his plays, is also known for his sonnets. He wrote 154 breathtaking and fascinating sonnets, in which touched on various topics and skillfully used various images and literary devices. His sonnets 18 and 130 are especially popular. In this regard, in the presented article sonnet 130 is examined and its translated versions into Russian and Kazakh are analyzed. The purpose of this research is to identify the features of the Kazakh translation of W. Shakespeare's sonnet 130. The article aims to reveal differences and similarities between the versions of sonnet, as well as the methods used by each translator. The idea of this scientific work is to compare and find differences in Samuil Marshak's and Khamit Yergaliyev's versions. The scientific significance of this article lies in the insufficient study of the sonnets translated by Kh. Yergaliyev. The practical significance of the study is determined by the usefulness of the presented data for the researchers. Scientific conclusions about W. Shakespeare's sonnets, literary translation and translation of sonnets were taken into account. Comparative, descriptive and analytical methods were widely used, and assisted to draw a conclusion about the differences between variants of sonnet.

Keywords: Khamit Yergaliyev, Samuil Marshak, translation methods, literary translation, interlinear translation, indirect translation, The Dark Lady of the Sonnets.

References

1. Shekspir U. Poln. sobr. soch. [Full composition of writings]: V 8 t. /Pod obshch. red. A.A. Smirnova i A.A. Aniksta. V.8. (Iskusstvo, Moscow, 1960, 631 p.). [in Russian]

2. Zharikov I.A. Sravnitel'nyj analiz russkikh perevodov 130-go soneta U. Shekspira, vypolnennyh A. V. Florej i Yu. I. Lifshicem [Comparative analysis of Russian translations of W. Shakespeare's 130th sonnet by A. V. Florey and Yu. I. Lifshits], *Evropa i Aziya: na peresechenii kul'tur: Materialy Mezhdunarodnoj onlajn-konferencii*, Orsk, 31 marta 2022 goda [Europe and Asia: at the intersection of cultures: Proceedings of the International Online Conference, Orsk: Orsk Humanitarian and Technological Institute (branch) of the federal state budgetary educational institution of higher education "Orenburg State University", March 31, 2022], 25-29 (2022). [in Russian]
3. Kovalenko N.V. Istoriya perevodov sonetov U. Shekspira na russkij yazyk [History of translations of William Shakespeare's sonnets into Russian]. [Electron. resource]. - Available at: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/215709/1/201-207.pdf> (accessed 10.01.2024). [in Russian]
4. Gasparov M.L., Avtonomova N.S. Sonety Shekspira – perevody Marshaka. O russkoj poezii [Shakespeare's sonnets – translations by Marshak. About Russian poetry] (Azbuka, Saint Petersburg, 2001, P. 389-409.) [in Russian]
5. Morozov M. Posleslovie k knige "Sonety Shekspira v perevodah S. Marshaka" [Afterword to the book "Shakespeare's Sonnets in S. Marshak's translations"] (Moscow, 1952, P. 177-194.) [in Russian]
6. Sadykova A. Hamit Ergaliev – zamanynyn zangar akyny [Khamit Yergaliev – an outstanding poet of his time], *Halel Dosmyhamedov atyndagy Atyrau memlekettik universitetinin Habarshysy* [Bulletin of Atyrau State University named after Khalel Dosmukhamedov], 3, 18-21 (2016). [in Kazakh]
7. Shakespeare W. Shakespeare's Sonnets and Poems (B.A. Mowat & P. Werstine, Eds.). (Simon & Schuster, New York, 2006, 704 p.).
8. Shekspir U. Otello. Asauga tysay. Gamlet. Romeo men Juletta. Korol Lir. Sonetter [William Shakespeare. Othello. The Taming of the Shrew. Hamlet. Romeo and Juliet. King Lear. Sonnets] trans. Auevov M., Kekilbaev A., Ergaliev H. (Aударма, Astana, 2004, 688 p.). [in Kazakh]
9. Hanzhina T.V. Ob osobennostyah perevoda 130 soneta U. Shekspira [On the features of the translation of W. Shakespeare's sonnet 130] // *Yazyk kak osnova sovremennogo mezhkul'turnogo vzaimodejstviya: Materialy V Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii* [Language as the basis of modern intercultural interaction: Materials of the V International Scientific and Practical Conference, Penza: Penza State Technological University], 179-185 (2019). [in Russian]
10. Hasan M., Abdulkareem L. and Star L. William Shakespeare's Sonnet 130: A Reconsideration, *Acuity: Journal of English Language Pedagogy, Literature and Culture*, 5(2), 148-169 (2020).

Авторлар туралы мәлімет:

Хасенова Г.А. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-8245-0886.

Негимов С.Н. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9693-4139.

Хасенова Г.А. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0002-8245-0886.

Негимов С.Н. – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0001-9693-4139.

Khasenov G.A. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-8245-0886.

Negimov S.N. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9693-4139.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).